



ШЕШІМ

12.12.2018 № 334/42-VI

Астана қаласы

РЕШЕНИЕ

город Астана

**Астана қаласы әкімінің
елорданың әлеуметтік-
экономикалық дамуы
жөніндегі есебі туралы**

Астана қаласының әкімі Б.Т. Сұлтановтың есебін тыңдап, талқылай отыра, қалалық мәслихат сессиясы есепті кезеңде қаланың әлеуметтік-экономикалық дамуы тұрақты дамумен сипатталатындығын, атқарушы органдар өңір дамуының негізгі көрсеткіштерінің оң серпінін сақтауға бағытталған міндеттерді іске асыру бойынша мақсатты жұмыстар жүргізіп жатқандығын анықтады.

Өнеркәсіп өндірісі көлемінің 9,6 пайызға, оның ішінде өңдеу өнеркәсібінде 12,6 пайызға өсуі қамтамасыз етілді. Өндірістің өсуі алтын, күміс, сусындар өндірісі және машина жасау саласы есебінен қамтамасыз етілген. 854,5 млрд. теңгеден астам инвестиция тартылды, бюджеттен тыс инвестициялардың өсу үлесі 88 пайызға жетті. Ағымдағы жылы Индустриялық парк аумағында 5,4 млрд.теңге сомасына 4 жаңа жоба іске қосылды.

«Бизнестің жол картасы 2020» бағдарламасын (бұдан әрі - Бағдарлама) іске асыру бойынша шаралар қабылдануда. 2010 жылдан бастап бағдарлама бойынша барлығы 177,3 млрд.теңге сомасына 1028 жоба, оның ішінде биыл - 32,3 млрд. теңге сомасына 132 жоба мақұлданды. Бағдарламаны іске асыру шеңберінде әлеуметтік-экономикалық нәтижеге қол жеткізілді, қолда бар 9 мыңнан астам жұмыс орны сақталып, 5300-ден астам жаңа жұмыс орны құрылды.

Кәсіпкерлік бастаманы қолдау шағын және орта бизнес субъектілерінің өнім өндіру көлемінің 17,7 пайызға өсуіне қол жеткізуге мүмкіндік берді. Жұмыс істеп тұрған субъектілердің саны 21,9 пайызға, жұмыспен қамтылғандар саны 6,2 пайызға артты. Шағын және орта бизнес қызметінің нәтижесінде бюджетке түсетін салық түсімдерінің көлемі жалпы салықтық түсімдер мен төлемдердің 52,9 пайызын құрайды. Ай сайын Астана қаласында

орта есеппен шағын және орта бизнес субъектілерінің 1400 жаңа кәсіпорны ашылады.

Жаңа форматты жобаларды енгізу бойынша жергілікті атқарушы органның қызметі жандандырылады. «1000 көше сауда орны» бағдарламасын тиімді жүзеге асыру мақсатында кәсіпкерлерге көше сауда нысандары ұсынылды.

Тұрғын үй құрылысы саласында Астана өңірлер арасында тұрғын үйді іске қосу бойынша көшбасшы болып қала береді. Жыл басынан бері тұрғын үй құрылысына 244 млрд.теңге инвестиция бағытталды, бұл 2,3 млн. шаршы метр тұрғын үйді пайдалануға беруге мүмкіндік берді.

«Нұрлы Жер» мемлекеттік бағдарламасы аясында ағымдағы жылы тұрғын үй құрылысына 14,2 млрд.теңге көлемінде мемлекеттік инвестиция салынды. Ағымдағы жылы 635 пәтерлік жалпы ауданы 35,61 мың шаршы метр 4 көп пәтерлі тұрғын үй кешені пайдалануға берілді. Бекітілген жоспарға сәйкес жалпы ауданы 168,97 мың шаршы метр 3086 пәтерлік 14 көппәтерлі тұрғын үй кешенінің құрылысы жалғасуда.

Мемлекет басшысы айқындаған «5 әлеуметтік бастама» шеңберінде тұрғын үй сатып алу үшін жағдай жасауға бағытталған «7-20-25» бағдарламасы бойынша іс-шаралар іске асырылуда. Бағдарлама аясында қала бойынша ипотеканы алуға 1528 өтінім қабылданды, оның ішінде 15,9 млрд. теңгеге 1073 өтінім мақұлданды.

Қала инфрақұрылымын дамыту, желілер, жылу магистральдары, су құбырлары, жолдар салу және энергия объектілерін қайта жаңарту бойынша іс-шаралар жоспарлы түрде іске асырылуда.

Жолдарды және қала аумақтарын абаттандыру жергілікті атқарушы орган жұмысының басты басымдықтарының бірі болып табылады. Ағымдағы жылы ұзындығы 21 км 22 көшеде жол қамтамасыз етілді, жалпы ұзындығы 17,8 км 13 орталық магистралды көшеге орташа жөндеу жүргізілді, сондай-ақ жеке құрылыс аудандарында жалпы ұзындығы 26,92 км 51 көшеге асфальт төселген жолдар салынды. 2023 жылға дейін 121 км жол және 7 жол-көлік құрылысы (3 көпір, 2 көлік айырымы, 1 жол өтпесі, 1 тоннель) жоспарлануда.

Қолданыстағы көше-жол желісінің жүктемесін біркелкі бөлу және оның өткізу қабілетін арттыру бойынша шаралар қабылдануда. Осы мақсатта жұмыс істеп тұрған 456 бағдарламалық объектілерінің 93-і зияткерлік көлік жүйесіне қосылған. Жалпы көлік ағынына әсер ететін негізгі көлік тораптарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін 2019 жылдың соңына дейін ITS объектілерінің санын 207 бағдарламалық объектіге дейін ұлғайту жоспарлануда.

«Балалар қауіпсіздігі» бағдарламасын іске асыру шеңберінде ағымдағы жылы 1000 км метр жасанды жол бұдырларымен жабдықталды.

Астана қаласында жұмыс істеп тұрған 1265 аялдама бекеттерінің 892-і желден қорғайтын павильондармен, 37-і жабық үлгідегі аялдама павильондарымен жабдықталған. 2018 жылы жобалық-сметалық құжаттама негізінде 55 жабық үлгідегі павильон орнату аяқталды.

Қала тұрғындарын қолма – қол ақшасыз есеп айырысуға ынталандыру мақсатында 2018 жылдың 21 шілдесінен бастап қалалық қоғамдық көлікте сараланған тариф (қолма – қол төлем-180 теңге, көлік картасы бойынша - 90 теңге) енгізілді. Осы іс-шаралардың нәтижелері бойынша тасымалдаушылардың кірістілігі көлеңкелі айналымнан ақша қаражатын шығару есебінен 25-30 пайызға артқаны байқалады. Күн сайынғы жолаушылар ағыны 670 мыңнан астам жол жүруді құрайды. Қолма-қол ақша төлемі төмендегені байқалады, күніне 45 мыңға жуық жыртылатын билет беріледі. Қалалық қоғамдық көлікте жеңілдікпен жүруге құқығы бар азаматтар үшін 77 мың атаулы көлік картасы берілді.

Астананың 20 жылдығын мерекелеу аясында, қала тұрғындарының өмір сүруіне экологиялық қолайлы жағдай жасау мақсатында Республика даңғылы мен Ы. Дүкенұлы көшесінің қиылысында, Біржан Сал көшесіндегі №5 үй ауданында, Пушкин көшесі бойындағы № 15Б үй ауданында апатты-тозған үйлер аумақтарында 3 сквердің құрылысы аяқталды. Жобаға сәйкес барлық үш сквердің алаңы толығымен абаттандырылды, көгалдандырылды, жарықтандыру өткізілді, спорттық және балалардың ойын алаңдары, шағын сәулет нысандары орнатылды.

Жергілікті өкілді органның қызметінде олардың басым міндеттерінің бірі елорданың әлеуметтік саласын жетілдіру және дамыту болып табылады. Жалпы әлеуметтік салаға жұмсалатын шығыстар 131,9 млрд.теңгені немесе бюджеттің жалпы көлемінің 30,7 пайызын құрады. III тоқсанда жұмыссыздық деңгейі 4,5 пайызды құрады-республика бойынша ең төмен болып саналады.

Халықты жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету және әлеуметтік қолдау жөніндегі шаралар жүйелі негізде іске асырылуда. 2017-2020 жылдарға арналған «Еңбек» нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасы бойынша 10522 адам жұмысқа орналастырылды. Есепті кезеңде жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің әзірленген кешенді жоспары шеңберінде барлығы 28182 адам қамтылды (115%). Жыл сайын халықты әлеуметтік қолдауға шамамен 10,0 млрд.теңге бөлінеді - 120 мыңнан астам адам.

Жұмыспен қамту бағдарламасы шеңберінде шаралар кешенін іске асыруға еңбек нарығындағы жағдайды жақсарту, халықты жұмыспен қамтуды арттыру және жұмыссыздықты қысқарту мақсатында (қоғамдық жұмыстар, жұмыссыздарды кәсіптік даярлау және қайта даярлау, жастар тәжірибесі, әлеуметтік жұмыс орындары) шамамен 1 млрд.теңге қаражат бөлінді, оның ішінде қоғамдық жұмыстарға қатысушылардың еңбекақысы 48 мың теңгеден 84 мың теңгеге дейін өсті.

Орташа айлық атаулы жалақы (*қаңтар-қыркүйекте*) 8,5 пайызға өсіп, 233163 теңгені құрады, ең төменгі күнкөріс деңгейі қараша айында 29804 теңгені құрады.

Білім беру саласын дамыту мақсатында ағымдағы жылы 4 нысан (№85 мектеп, 3 ғимарат №72, №60 мектептерге, қыз балаларға арналған Білім-инновация лицейіне берілді) ашылды. 10 мың орынға арналған 10 мектеп,

8 мектепке қосымша құрылыс және 1 колледж құрылысы жүргізілуде. Ұлттық компаниялар есебінен 480 орындық 2 балабақша, мемлекеттік-жеке меншік серіктестік келісім-шарты аясында 720 орындық 2 балабақша құрылысы жүргізілуде.

Балаларды мектепке дейінгі мекемелерде орындармен қамтамасыз ету бойынша қызметте оң серпін байқалады. 3-6 жастағы балаларды мектепке дейінгі оқытумен қамту көрсеткіші 84 пайызға дейін өсті (2016 жылы - 70,6 пайызды, 2017 жылы - 78 пайызды құрады). Жеке секторды тарту қаланың мектепке дейінгі балалар мекемелеріне баратын балалардың жалпы санының шамамен 30 пайызын жабатынын атап өткен жөн.

Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау аясында 2019 жылдың соңына дейін қаладағы оқу орындарын, соның ішінде асханаларды бейнебақылау камераларымен 100 пайыз жарақтандыру жоспарлануда.

Астана қаласының денсаулық сақтау жүйесін жетілдіру, медициналық қызметтердің сапасы мен қол жетімділігін қамтамасыз ету, тұрғындарды тұрақты тексеру және диспансерлеу бойынша шаралар қабылдануда.

Алғашқы аурушандықтың 6,2 пайызға, қатерлі ісіктермен алғашқы сырқаттанушылықтың 1,8 пайызға, туберкулезбен алғашқы сырқаттанушылықтың 15,4 пайызға төмендегені, жарақаттан, уланудан өлім-жітім көрсеткішінің 0,8 пайызға төмендегені байқалады.

№4 қалалық емхана базасында, сондай-ақ Жағалау, Жастар шағын аудандарында, «Өндіріс» тұрғын алабында отбасылық – дәрігерлік амбулаториялар, Байтұрсынов көшесі, 12 мекенжайындағы «Сказочный мир» консультативтік – диагностикалық бөлімше пайдалануға берілді, № 10 қалалық емхана базасында диабет орталығы, ахуалдық орталық, инсульт орталығы ашылды.

Бюджет пен активтерді басқарудың тиімділігін арттыруда айтарлықтай ілгерілеуге қол жеткізілді. Жеке табыс көлемі бекітілген бюджетпен салыстырғанда 21,4 млрд.теңгеге артты.

Қала бюджетіне меншікті кіріс түсімдері 1 желтоқсанға өткен жылдың сәйкес кезеңіне 9,4 пайызға өсіп, 230,5 млрд.теңгені құрады.

Бұл ретте алдағы 5 жылда елорданы дамытуға шамамен 5 трлн. теңге жеке инвестициялар салу жоспарлануда. 2016-2017 жылдары жеке инвестициялар үлесінің 58 пайыздан 76 пайызға дейін өскенін атап өткен жөн, яғни мемлекеттік инвестицияның 1 теңгесіне 4-5 теңге жеке инвестициялар тиесілі.

Тұрақты емес экономикалық жағдайға байланысты қосымша салықтар мен басқа да міндетті төлемдердің, салықтық емес түсімдердің резервтерін іздестіру және болжамдық көрсеткіштердің орындалуын қамтамасыз ету жөніндегі жұмысқа ерекше назар аударылады.

Астана қаласының нақтыланған бюджетінің жалпы көлемі 429,4 млрд.теңгені құрады (оның ішінде түсімдер: меншікті кірістер бойынша – 264,0 млрд. теңге; РБ трансферттер – 142,2 млрд. теңге; қарыздар – 6,4 млрд. теңге,

қарыз алу (бағалы қағаздар шығару) – 11,1 млрд. теңге, бос қалдықтар-5,8 млрд. теңге).


2018 жылы бюджетті жеңілдету үшін мемлекеттік – жекешелік әріптестікті дамытуға басты назар аударылды. Мемлекеттік – жекешелік әріптестік тетіктерін қолдану тәжірибесін кеңейту мақсатында 38 жобадан тұратын Тізбе жасалды. Қазіргі таңда «Астана қаласының ақылы тұрақ кеңістіктерін құру, пайдалануға беру және басқару» МЖӘ, Астана қаласында физикалық мүмкіндіктері шектеулі тұлғалар үшін Параолимпиадалық жаттығу орталығын және «Тарлан» мұз аренасын құру және пайдалануға беру жобалары бойынша келісімшарттарға қол қойылды.

Астана қаласының мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Әкімнің 2018 жылы Астана қаласының әлеуметтік – экономикалық дамуы туралы есебі назарға алынсын.

**Астана қаласы мәслихатының
сессия төрағасы**

**Астана қаласы мәслихатының
хатшысы**



Е. Сыдықов

Ж. Нұрпейісов